**Автор**: Абубакирова Гулназ Сахитжанқызы
**Пән**: Математика
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Натурал сандардың бөлінгіштігі
**Тақырып**: Жай және құрама сандар

---

| | |
|---|---|
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 5.1.1.6 жай және құрама сандардың анықтамаларын білу |
| Ойланудың деңгейлері | Білу, түсіну, қолдану |
| Сабақтың мақсаты | **Барлық оқушы:**<br>Натурал санның бөлгіштерін таба алады, бөлгіштерінің санын анықтайды.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>Натурал сандардың бөлгіштеріне қарай жай немесе құрама екенін анықтайды, жай сандар кестесін пайдаланып тапсырмаларды орындайды.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Жай сандардың ішінен егіз сандарды таба алады, құрама сандардың ішінде кемел сандардың болатынын түсінеді және оны табу үшін ізденеді, берілген цифрларды пайдаланып жай немесе құрама сандарды құрастырады, санның құрама екендігін дәлелдейді. |
| Бағалау критерийі | – Натурал санның бөлгіштерін біледі;<br>– Берілген сандар қатарынан жай және құрама сандарды көрсетеді;<br>– Натурал санның бөлгіштерінің саны бойынша жіктейді;<br>– Жай саннан да, құрама саннан да басқа тек 1 бөлгіші бар сан бар екенін біледі;<br>– Егіз сандарды таниды және дәлелдейді;<br>– Жай және құрама сандармен орындалатын арифметикалық амалдар нәтижелерін қорытындылай алады. |
| Тілдік мақсаттар | Оқушылар натурал санның бөлгіштерін айта алады, жай және құрама сандар анықтамасын тұжырымдайды.<br>Пәнге қатысты лексика мен терминология:<br>Натурал санның бөлгіштері, жай сан, құрама сан, егіз жай сандар, кемел сандар, Эротосфен елегі.<br>Диалог/жазылымға қажетті тіркестер:<br>Натурал сан жай деп аталады, егер...<br>Натурал сан құрама сан деп аталады, егер...<br>1саны жай немесе құрама сан бола ма?<br>Айырмасы 2-ге тең болатын екі жай санды егіз сандар деп атаймыз.<br>Натурал сандарды бөлгіштеріне қарай қандай топтарға бөлеміз? |
| Құндылықтарға баулу | «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» |
| АКТ-ны қолдану дағдылары | Интернет ресурстарын қолдану, www.bilimland.kz, www.itest.kz мүмкіндіктерін пайдалану. |
| Пәнаралық байланыс | Математика тарихынан «Эротосфен елегі» туралы ақпарат беру. |
| Алдыңғы білім | Натурал санның бөлгіштері мен еселіктері. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** |
|---|---|

| | |
|---|---|
| Са<br>ба<br>кт<br>ың<br>ба<br>сы<br>(1<br>-<br>2<br>ми<br>н) | **Ұйымдастыру бөлімі:**<br>1. Оқушыларды таратпа қағаздағы сандар арқылы 4 топқа бөлу, 3, 5, 7, 11 сандарының еселіктері арқылы кездейсоқ 4 топ құрылады:<br>**І топ:** 5 санының еселіктері: 5, 10, 15, 20, 25.<br>**ІІ топ:** 3 санының еселіктері: 3, 6, 9, 12, 24 .<br>**ІІІ топ:** 7 санының еселігі: 7, 14, 21, 28, 42.<br>**ІV топ:** 11 санының еселігі: 11, 22, 44, 88, 110.<br>2. Ширату жаттығуы: Сыныпқа ортақ тапсырма беріліп, интерактивті тақтаның көмегімен www.bilimland.kz сайтындағы тапсырма оры<br> |

| | |
|---|---|
| Сабақтың басы (4-5 мин) | **1-тапсырма. «Миға шабуыл» әдісі. Топпен жұмыс.**<br>**I топ:** Кестеге 25, 23, 6, 13, 1, 28, 19 сандарының бөлгіштерін және бөлгіштер санын толтырыңдар:<br>Натурал санБөлгіштеріБөлгіштерінің саныҚорытынды25<br><br>23<br><br>6<br><br>13<br><br>1<br><br>28<br><br>19<br><br>**II топ:** Кестеге 35, 41, 26, 11, 1, 18, 29 сандарының бөлгіштерін және бөлгіштер санын толтырыңдар:<br>Натурал сан Бөлгіштері  Бөлгіштерінің саныҚорытынды35<br><br>41<br><br>26<br><br>11<br><br>1<br><br>18<br><br>29<br><br>**III топ:** Кестеге 45, 17, 16, 31, 1, 10, 43 сандарының бөлгіштерін және бөлгіштер санын толтырыңдар:<br>Натурал санБөлгіштеріБөлгіштерінің саныҚорытынды45<br><br>17<br><br>16<br><br>31<br><br>1<br><br>10<br><br>43<br><br>**IV топ:** Кестеге 12, 7, 4, 11, 33, 2, 1 сандарының бөлгіштерін және бөлгіштер санын толтырыңдар:<br>Натурал санБөлгіштеріБөлгіштерінің саныҚорытынды12<br><br>7<br><br>4<br><br>11<br><br>33 |

Сабақтың ортасы (8 мин)

Оқушылардың 1-тапсырмадағы орындаған жұмыстары мұғалімнің басқаруымен толықтырылып, сабақ мақсаты анықталады.
1 мен 1000 сандары арасындағы жай сандар кестесі тақтада көрсетіліп (тақырыбы жазылмаған түрде), оқушыларға сұрақтар қойыла

1. Кесте бойынша не байқадыңдар?
2. Кесте қандай ереже, заңдылықпен құрылған?
3. Бүгінгі сабағымыздың мақсаты қандай болады деп ойлайсыңдар?

деген сұрақтар арқылы оқушыларға ой тастап, сабақ мақсатын өздері болжауға мүмкіндік беріледі. Оқушылар сабақ мақсаты сандар
Жай және құрама сандар туралы анықтамалар www.bilimland.kz сайтындағы бейнематериалдар арқылы түсіндіріледі.

**2-тапсырма. Зерттеу жұмысы.**
**«Эротосфен елегіне» зерттеу жүргізу**

Мұғалім әр топқа төмендегідей кестені таратады, кесте бойынша оқушыларға зерттеуге арналған нұсқаулар береді:

1. 2 санына еселік болатын барлық сандарды тауып, сызып шығыңдар;
2. 3 санына еселік сандарды сызып шығыңдар;
3. 5 санына еселіктерді сызып шығыңдар;
4. Кестеде 7-ге еселік сан табыла ма, бар болса оны да сызып шық;
5. Қалған сандар туралы ойлан! Не байқадыңдар? Өз қорытындыларыңды жасаңдар.

**I топ: 31–607**
313233343536373839404142434445464748495051525354555657585960
**II топ: 61–90**
616263646566676869707172737475767778798081828384858687888990
**III топ: 91–120**
919293949596979899100101102103104105106107108109110111112113114115116117118119120
**IV топ: 121–150**
121122123124125126127128129130131132133134135136137138139140141142143144145146147148149150
Топтар жұмысты орындап болған соң кестелер тақтаға ілініп, әр топ басқа топтың жұмысын тексеріп шығады, қателіктер болса, түзе
Сызылмай қалған сандар туралы оқушылардың қорытындылары тыңдалады. Содан соң «Эротосфен елегі» туралы тарихи мағлұмат б



| Сабақтың ортасы (5 мин) | **В деңгей** |
|---|---|

**В деңгей**




**Бағалау критерийі:**

Егер оқушы дұрыс жауапты белгілесе 3 ұпай алады.

**С деңгей:**



<table>
<tr><td>Сабақтың соңы (4 мин)</td><td>

**1. Қорытынды тест.**<br>
Сабақ мақсаты қайта хабарланып, оқушыларға тест беру арқылы қорытындыланады.<br>
Тест тапсырмасын оқушылар itest.kz сайтының мүмкіндігімен тексереді.<br>
**2. Рефлексия.**<br>
Оқушыларға қосымша бет таратылады. Оның сыртына оқушылардың туған күні, айы, жылы санмен көрсетіліп, жазылған сандардың х<br>
береді.<br>
Оқушының туған күні: 13.10.2006.<br>
Натурал сандар<br>
Құрама сандарЖай сан1 саны<br>
10<br>
2006<br>
13-<br>
<br>
Оқушының туған күні, айы, жылы: ____________<br>
Натурал сан<br>
Құрама сан | Жай сан | 1 саны<br>
Сабақ мақсатына қол жеткізуде сен үшін ең тиімді болған екі нәрсені жаз:<br>
1.________________________________<br>
________________________________<br>
2.________________________________<br>
________________________________<br>
Сабақ барысында мақсатқа жетуіңе кедергі болған 1 нәрсені жаз:<br>
________________________________<br>
________________________________<br>
**3. Үйге тапсырма.**<br>
1) Оқулықтан №194, №198 жаттығу.<br>
2) Шығармашылық тапсырма: 6(6=1+2+3),28(28=1+2+4+7+14) кемел сандар болады.<br>
3) 3-кемел санды тап. 4-кемел сан қандай болуы мүмкін? Ойланып көр.
</td></tr>
<tr><td>Саралау</td><td>
1. Сіз қандай тәсілдермен көбірек қолдау көрсетпексіз?<br>
2. Қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?<br>
3. Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырма бересіз?<br>
Оқушылардың өткен тақырып пен жаңа тақырып арасына байланыс көпірін орнату үшін ширату жаттығуы жоспарланды; Оқушылард<br>
апаратын күрделі зерттеулерге арналған тапсырма арқылы «Эротосфен елегін» зерттейді, тарихи мағлұмат алады. Оқушылардың шы<br>
үй тапсырмасы және «Төртінші кемел сан қандай болуы мүмкін?» зерттеуі ұсынылады.
</td></tr>
<tr><td>Бағалау</td><td>
Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?<br>
Жұптық жұмысты дайын жауап арқылы жұптар бір-бірін бағалайды; Жеке орындауға арналған тапсырма дискрипторлар бағаланады<br>
мәліметтерге сүйеніп оқушының тапсырманы дұрыс немесе қате орындағанын анықтаймын.
</td></tr>
<tr><td>Сабақ бойынша рефлексия</td><td>
Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап бері
</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| Жалпы бағалау | **Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?**<br>**1.**<br>**2.**<br>**Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді?**<br>**1.**<br>**2.**<br>**Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нен** |